

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет

Білім беру саласы: Таным, Денсаулық, Қатынас

Білім беру бөлімі: Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математика негіздері, дене шынықтыру.

Тақырыбы: «Кел, ойнайық!»

Күні: 15.03.2022

Мақсаты: Балаларды шахмат фигураларымен таныстыру. Бір фигураны екінші фигурадан ажырату, формасын және түсін, фигураның атауын білуге үйрету. Ойынды ойнауға машықтандыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Шахмат тақтасы, фигуралары, қағаз, қалам, қалташа

Іс-әрекет кезеңдері	Жылулық шеңбері	Балалардың іс-әрекеті
	Алақанды ашайық Күннің көзін жасайық Таза ауаға қол сермеп Жүрек жылуын жасайық Мейірімділік шоғын біз Қонақтарға ашайық.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Мотивациялық-қозғаушы күш	Балалар сендерге жұмбақ жасырсам табасындарма? -Алпыс төрт тең бөлмеде Отыз екі тұрғын бар: Ақ, қара ғып бөлгенде Бірін бірі қуғандар. Ханы үшін де, жаны үшін де Бермейді олар намысын -Жарайсындар, дұрыс таптындар. Жұмбақ сөзіндегі 64 бөлме дегеніміз не? (Шахмат тақтасын плакаттан көрсету) 32 тұрғындар кімдер? -Олай болса, «Орнына қой» ойынын ойнайық. Ойын барысы: Шахмат тақтасына фигураларды дұрыс орналастыру.	ия Шахмат Шахмат тақтасы Фигуралар
Рефлексивті-түзетуші	  -Жарайсындар, ал енді осы фигуралардың атын білесіндер ме? Оны «Сиқырлы дорба» ойыны арқылы білетін боламыз. «Сиқырлы дорба» ойыны Ойын барысы: Дорбаға шахматты фигураны салып, балаға сипап сезу арқылы қандай фигура тұрғанын анықтау.	Шахмат тақтасына фигураларды орналастырады Ия

	 -Ал енді осы фигуралардың шығу тарихы бойынша әртүрлі аттары бар.Сол бойынша суреттерді сәйкестендіреміз. «Фигураларды сәйкестендір» ойыны Ойын барысы:Қағаз бетіне суреттерді сәйкестендіру.  -Балалардан шахмат фигураларын,оларды тақтаға орналастыра алатынын айта отырып,мақтап,мадақтау.	Дорбаға қолдарын салып,фигураларды дұрыс атайды. Қағаз бетінде бейнеленген суреттер бойынша сәйкестендіреді
--	--	---

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Шахмат фигураларын,тақтасын біледі.

Нені игереді: Шахмат фигураларының санын, түр-түсін,айырмашылықтарын,қалай орналасатыны туралы түсініктері арттады

Нені біледі:Шахмат фигуралының атауының шығу тарихын,қалай атайтынын,орналасу мен сипап сезу арқылы тани алады.

